

Қарағанды облыстық мәслихатының 2005 жылғы 17 наурыздағы № 172 XI сессиясының "Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталған соғысқа қатысқандар мен мүгедектер қатарындағы қайтыс болған адамдарға әскери сый-сияпат көрсетіп, жерлеу және қабірінің басына құлпытас қою жөнінде көрсетілген көмекке есеп жүргізу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № 109 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 қыркүйекте № 24549 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қарағанды облыстық мәслихатының XI сессиясының "Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталған соғысқа қатысқандар мен мүгедектер қатарындағы қайтыс болған адамдарға әскери сый-сияпат көрсетіп, жерлеу және қабірінің басына құлпытас қою жөнінде көрсетілген көмекке есеп жүргізу туралы " 2005 жылғы 17 наурыздағы № 172 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1752 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат хатшысы

С. Утешов